Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D070300, 8D06101 – Ақпараттық жүйелер», «6D070400 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» (Компьютерлік инженерия), «6D075100 Информатика, есептеу техникасы және басқару» (Жүйелік инженерия), «6D060200 - Информатика» (Компьютерлік ғылымдар), «6D100200, 8D06301 Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», «6D070200 - Автоматтандыру және басқару» 8D07109 – Автоматтандыру және Internet of Things, 8D07116 – Интеллектуалды басқару жүйелері мамандықтар тобы бойынша диссертациялық кеңесі.

Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 8

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 8 адам, олардың ішінде 4 адам (50%) диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 4 адам (50%) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалды.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Докторант оқыған, ЖОО	Докторанттың кеңесшілері
1	Мазақова Әйгерім Талғатқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Джомартова Шолпан Абдразаковна – т.ғ.д., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. 2. Жмудь Вадим Аркадьевич – т.ғ.д., доцент, Новосибирск мемлекеттік техникалық университеті, Новосибирск қ., Ресей.
2	Нұрым Нұрдәулет Нұрасылұлы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	. Серік Меруерт – п.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан). . Димировский Георгий – DSc, профессор, Скопьедегі Әулие Кирилл мен Мефодий атындағы университеті (Скопье қ., Македония).
3	Умирзакова Жанат Серикбаевна	Әл-Фараби атындағы Қазақ	Керімбаев Нұрасыл Нұрымұлы – п.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ

		ұлттық университеті	ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. Йоцов Владимир Симов – DSc, профессор, Библиотека және ақпараттық технологиялар университеті (София қ., Болгария).
4	Кенжебек Ержан Ғалымжанұлы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Иманкулов Тимур Сакенович – PhD, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. 2. Панфилова Ирина – PhD, профессор, Лотарингия университеті, Нанси қ., Франция.
5	Қасымбек Нұрислам Мұратбекұлы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Лебедев Д.В. – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. 2. Малышкин В.Э. – т.ғ.д., профессор, РҒА СБ Есептеу математикасы және математикалық геофизика институты, Новосибирск қ., Ресей.
6	Елеусинов Арман Инабатович	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Бурибаев Жолдас Алладинович – PhD, доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. 2. Миачи Тайзо – PhD, профессор, Токай университеті (п. Канагава, Жапония).
7	Тойганбаева Назгуль Абеновна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1.Нурсеитов Данияр Борисович – ф-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор, «ҚазМұнайГаз Инжиниринг» ЖШС сарапшысы (Астана қ., Қазақстан). 2. Астеро Провато – PhD., «Demokritos» ұлттық ғылыми зерттеулер орталығы (Афины қаласы, Греция).
8	Мустафин Мақсат Бейбитович	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Тұрар Олжас Нұрқонысұлы.– PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

			2. Нуралиев Фахриддин Муродиллаевич – профессор, Мухаммад әл-Хорезми атындағы Ташкент ақпараттық технологиялар университеті (Ташкент қ. Өзбекстан).

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау:

Мазақова Әйгерім Талғатқызы. Осы жұмыстың мақсаты – динамиканың математикалық модельдерін талдау арқылы ҰҰА-ның (ұшқышсыз ұшу аппараты) басқарылуын зерттеуге арналған алгоритмдерді әзірлеу, сондай-ақ басқарудың оңтайлы шешімдерін іздеу. Осы мақсатқа жету үшін жұмыста келесі міндеттер шешіледі: ҰҰА динамикасының математикалық моделін зерттеу, ҰҰА басқарылу критерийін әзірлеу, ҰҰА-ны оңтайлы басқаруды табу алгоритмдерін әзірлеу, басқарылуды анықтау және оңтайлы басқаруды есептеу үшін бағдарламалық қамтамасыз ету құру, ҰҰА тобын басқару алгоритмін әзірлеу.

Нұрым Нұрдәулет Нұрасылұлы. Осы зерттеудің мақсаты – робототехниканы бірлесіп оқыту үдерісінде негізгі орта мектеп оқушыларының есептеуіш ойлауын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздемесін және әдістемесін ұсыну.

Умирзакова Жанат Серикбаевна. Осы зерттеудің мақсаты – болашақ информатика мұғалімдерін даярлау кезінде студентке бағдарланған педагогикалық қызметтің ғылыми негізделген әдістемесін әзірлеу.

Кенжебек Ержан Ғалымжанұлы. Осы зерттеудің мақсаты – физикамен ақпараттандырылған нейрондық желілер (PINN және PIKAN) әдістерін қолдана отырып, Бакли–Леверетт моделіне негізделген мұнайды ығыстыру есебін шешу, сондай-ақ олардың тиімділігін салыстыру.

Қасымбек Нұрислам Мұратбекұлы.Осы зерттеудің мақсаты – LuNA белсенді білімдер базасына енгізілетін түрде көпфазалы көпкомпонентті сұйықтық ағысын модельдеу есебін шешуге арналған фрагменттелген алгоритмді әзірлеу.

Елеусинов Арман Инабатович. Осы зерттеудің мақсаты – қазақ тіліндегі архивтік қолжазбаларды тану үшін машиналық оқыту алгоритмдері мен нейрондық желі архитектурасын әзірлеу.

Тойганбаева Назгуль Абеновна. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – терең оқыту модельдерін қолдана отырып, қазақ және орыс тілдеріндегі

қолжазба мәтіндерді оптикалық тануға арналған құралдарды әзірлеу, сондай-ақ тиісті деректер базасын құру.

Мустафин Мақсат Бейбитович. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – физикамен ақпараттандырылған нейрондық желілерді пайдалана отырып, диффузия теңдеуін шешу арқылы бейімделгіш құрылымдалған торды құру.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:

Мазақова Әйгерім Талғатқызы. Диссертациялық жұмыс ғылыми-зерттеу гранттық жұмыстардың күнтізбелік жоспарына сәйкес келесі басымдық бойынша орындалды: 4. Ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыштық технологиялар, қосалқы басымдық: 4.1 Жасанды интеллект және ақпараттық технологиялар, оның ішінде 4.1.1 Интеллектуалды басқару және шешім қабылдау жүйелері (оның ішінде нақты уақыт режимінде) аясында «AP19678157 “Су қоймасының толу деңгейінің жай-күйін мониторингілеуге арналған бағдарламалық-аппараттық кешенді әзірлеу”» жобасы бойынша, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

Нұрым Нұрдәулет Нұрасылұлы. Зерттеу до- және постнеклассикалық ғылым ұғымдарына сүйенеді, оның ішінде өзін-өзі ұйымдастыратын және есептеуіш ойлау туралы түсініктер (Әл-Жазари, Леонардо да Винчи, Рене Декарт, Паскаль, Борелли), сондай-ақ антикалық дәуір мен Жаңа заман философтарының еңбектері: Аристотель, Платон, Ф. Бэкон, Д. Юм, И. Кант; адам өлшеміндегі жүйелер теориялары (Г. Башляр, У. Бек, М. Вебер, Э. Гуссерль, М. Полани, Г. Спенсер).

Умирзакова Жанат Серикбаевна. Зерттеу 7 ғылыми еңбекте жарияланған нәтижелерге негізделеді, оның ішінде Scopus дерекқорына кіретін журналда жарияланған 1 мақала, халықаралық конференциялар материалдарындағы 3 мақала және ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған 3 мақала бар.

Кенжебек Ержан Ғалымжанұлы. Диссертациялық жұмыс келесі ғылыми-зерттеу жобалары аясында орындалды:– «Мұнай өндіруді болжау есебін шешу үшін машиналық оқыту әдістерін қолдану» – мемлекеттік тіркеу № 0124РК00223, «Жас Ғалым» жобасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024–2026 жж.;– «Мұнайды ығыстыру есептерін шешуге арналған параллель физикамен ақпараттандырылған нейрондық желілер» – мемлекеттік тіркеу № 0124РК00389, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың гранттық қаржыландыруы, 2024–2026 жж.

Қасымбек Нұрислам Мұратбекұлы. Диссертациялық жұмыс келесі ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында орындалды: – «Құрылымданбаған

деректерді өңдеу және фильтрация есептеріндегі сандық модельдеу үшін жоғары өнімді параллель бағдарламаларды құрастыруды автоматтандыруға арналған белсенді білімдерді басқару жүйесін әзірлеу» – мемлекеттік тіркеу № 0118РК00741, Математика және механика ҒЗИ ДГП базасында, 2018–2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру;
– «Белгісіздік жағдайында кеуекті ортада көпфазалы сұйықтық қозғалысын жоғары өнімді компьютерлік модельдеу» – мемлекеттік тіркеу № 0121РК00431, «ҚР ҰИА» РҚБ базасында, 2021–2023 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру.

Елеусинов Арман Инабатович. Құжаттарды интеллектуалды өңдеудің автономды жүйесін әзірлеу Қазақстан Республикасындағы ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды дамытудың перспективалы бағыты болып табылады. Аталған жобаның нәтижелерін енгізу, ең алдымен, қолжазба мәтіндерді цифрландыру үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Тиісінше, жұмыстың нәтижелерін енгізуден алынатын негізгі әлеуметтік-экономикалық әсер әртүрлі түрдегі және көлемдегі құжаттарды өңдеуде уақыт пен қол еңбегін үнемдеумен байланысты.

Тойганбаева Назгуль Абеновна. Диссертациялық жұмыста қойылған мақсаттарға сәйкес тиісті міндеттер шешілді. Қолжазба мәтіндерді тану және мәтін жолдарын сегментациялау үшін генетикалық алгоритмді қолдана отырып деректерді алдын ала өңдеу жұмыстары орындалды, KOHTD деректер базасы құрылып, толықтырылды. Flor, Puigcerver, Bluche және Scheidl модельдерімен эксперименттер жүргізіліп, олардың тиімділігі CER, WER және SER стандартты көрсеткіштері бойынша бағаланды. Барлық модельдер Python, TensorFlow, Keras, OpenMP және Matplotlib кітапханаларын пайдалана отырып іске асырылды.

Мустафин Мақсат Бейбитович. Диффузия теңдеуіне негізделген бірөлшемді бейімделгіш есептеу торын генерациялау үшін PINN әдісі ұсынылды, оның шешімі аналитикалық шешіммен жоғары дәлдікпен сәйкес келеді. Классикалық PINN әдісін модификациялау (MPINN) арқылы есептеу торының шекаралық түйіндерінің қозғалмауын қамтамасыз ету тәсілі ұсынылды. Жаңа архитектурада шекаралық шарттар маска-функциясының көмегімен тікелей нейрондық желіде бекітіледі, бұл есептеулер барысында шекаралық нүктелердің ығысуын болдырмайды және бейімделу тұрақтылығын арттырады.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау:

Мазақова Әйгерім Талғатқызы. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда, Есептеу және ақпараттық технологиялар институтының жыл сайынғы ғылыми конференцияларында, Қазақ ұлттық университетінің жас ғалымдары мен мамандарының ғылыми конференцияларында, сондай-ақ әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ-дың «Жасанды интеллект және Big Data» кафедрасының ғылыми семинарларында ұсынылды. Бұл алынған нәтижелерді ғылыми қауымдастықта талқылауға және тексеруге, сондай-ақ әріптестер мен сарапшылардан кері байланыс пен қосымша ұсынымдар алуға мүмкіндік берді.

Нұрым Нұрдәулет Нұрасылұлы. Зерттеу нәтижелері робототехниканы бірлесіп оқытуға арналған оқу-әдістемелік кешенде іске асырылды, оған оқу бағдарламасын, практикалық құралдар мен оқу материалдарын әзірлеу кіреді. Робототехниканы материалдық және ақпараттық технологиялардың конвергенциясы ретінде пайдалана отырып, есептеуіш ойлауды бастауыш мектеп жасынан бастап дамыту маңыздылығы атап өтіледі.

Умирзакова Жанат Серикбаевна. Диссертацияның негізгі нәтижелері 7 ғылыми еңбекте жарияланған, оның ішінде Scopus дерекқорына кіретін журналдағы 1 мақала, халықаралық конференциялар материалдарындағы 3 мақала және ҚР БҒМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдардағы 3 мақала бар.

Кенжебек Ержан Ғалымжанұлы. Диссертация тақырыбы бойынша 10 баспа жұмысы жарияланған, олардың ішінде 3-еуі ҚР ҒЖБМ КОКСНВО ұсынған басылымдарда, 3-еуі Web of Science және/немесе Scopus дәйексөздеу базаларына кіретін рецензияланатын журналдарда және 4-еуі халықаралық конференциялар жинақтарында жарық көрген. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу нәтижелері негізінде келесі авторлық құқық объектісі тіркелді: «Мұнай өндіруді болжауға арналған физикамен ақпараттандырылған нейрондық желілер (PINN)» атауындағы авторлық құқық объектісі Қазақстан Республикасының авторлық құқықпен қорғалатын объектілер құқықтарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген. №49665 куәлік 2024 жылғы 16 қыркүйекте берілді.

Қасымбек Нұрислам Мұратбекұлы. Жұмыс нәтижелері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің компьютерлік ғылымдар кафедрасы мен ақпараттық технологиялар факультетінің ғылыми семинарларында талқыланды, сондай-ақ келесі конференцияларда баяндалды: IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Информатика және қолданбалы математика» (Алматы, 2019); 17th European Conference on the Mathematics of Oil Recovery (ECMOR XVII) (онлайн, 2020);Қазақстан Республикасының Ғылым қызметкерлері күніне арналған, ҚР ҰҒА академигі Тынысбек Шарипович Кальменовтің 75 жылдығына арналған дәстүрлі халықаралық сәуір айындағы математикалық конференция (Алматы, 2021);The 18th European Conference on the Mathematics of Oil Recovery (ECMOR 2022) (Гаага, Нидерланды, 2022).

Елеусинов Арман Инабатович. Зерттеудің негізділігі мен дұрыстығы қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертацияның негізгі қағидалары апробациядан өткен және 6 баспа еңбекте баяндалған, оның ішінде

халықаралық және республикалық конференциялар материалдарындағы 3 жарияланым және ғылыми семинарларда жасалған баяндамалар бар.

Тойганбаева Назгуль Абеновна. Диссертация тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері 5 мақалада жарияланған, сондай-ақ авторлық құқық объектілерінің мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізілгені туралы куәлік алынған. Зерттеу нәтижелері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің компьютерлік ғылымдар кафедрасының ғылыми семинарларында, сондай-ақ халықаралық конференцияларда ұсынылды.

Мустафин Мақсат Бейбитович. Диссертация тақырыбы бойынша 7 баспа жұмысы жарияланған, оның ішінде: ҚР БҒМ ККСОН ұсынған басылымдарда 4 мақала, Web of Science және/немесе SCOPUS халықаралық дәйексөздеу базаларына кіретін рецензияланатын журналдарда 2 мақала және халықаралық конференциялар материалдарында 1 жұмыс.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін іздеу, іріктеу мен бекітуге берілген уақытты ұзарту.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

№		«6D060200 – Информатика».	«8D06102 – Компьютерлік инженерия».	«6D075100 – Информатика, есептеу техникасы және басқару».	«8D06103 – Компьютерлік ғылымдар».	«8D01502 – Информатика».	«8D07116 – Интеллектуалды басқару жүйелері».
1	қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	1	1	1	2	2	1

2	қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-	-
3	рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-	-
4	қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-	-
5	пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-	-
6	қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы **Иманкулов Т.С**

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ»
NON-PROFIT JOINT-STOCK COMPANY «AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY»
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы **Бурибаев Ж.А.**

М.Н.

«___» _____ 2025 ж.